

Н.Ғ. САПАЕВА, Р. ТӘЖІБАЕВА, М. ШАҢБАЕВА, Ж. ШАЙМОВ, Ж. ЖАҚСЫЛЫҚОВА, Н. ДОСАН
ҚазҰМУ стоматология факультетінің 606 тобының дәрігер-интерндері

ТІСТІҢ ТҮСІН ЭНДОДОНТТЫҚ ЕМНЕН KEЙІН РЕСТАВРАЦИЯЛАУ

Бұл мақалада дәрігер-интерндердің түсі өзгерген тістерді тотальды резекция лау реставрациялық әдіспен қалпына келтіруі көрсетілген. Жоғары дәрежедегі эстетикаға жетуге және нақты клиникалық жағдайларда дәрігер стоматолог таңдау жасай алатындай емдік әдістің бір түрі болып табылады.

Түйінді сөздер: тісті реставрациялау, түсі өзгерген дентин, дентиннің тотальды резекциясы.

Реставрация- композитті материалдармен эстетикасы және қызметі бұзылған тістерді қалпына келтіру әдісі. Реставрация арқылы тістің эстетикасын қалпына келтіруде негізгі екі қағида бар:

- Толықтай реставрацияланған тіс не оның бөлігі тістің табиғи түсіне сай болуына қол жеткізу керек
- Реставрацияланатын тістің табиғи мөлдірлігін қалпына келтіру

Реставрация көмегімен дәрігер тіс қатарын және формасын, тіс қатарынан қисайған тісті орнына орналастыру, тіс түсін өзгерте алады. Сонымен қатар тістер арасындағы ашық кеңістікті бітеуге және тіс қатарының әсемдігін қалыптастыруға мүмкіншілік болады [1,2,3].

Тіс сауыты түсінің өзгеруін композиттік материалдармен түзету әдісіне байланысты негізінен 2 топқа бөлген.

1.Тіс сауыты түсінің жергілікті өзгеруі:

А) ұлпасы алынбаған тірі тістерде

Б) ұлпасы алынған тістерде

2. Тіс сауыты түсінің жайылмалы өзгеруі:

А) ұлпасы алынбаған тірі тістерде

Б) ұлпасы алынған тістерде

Тіс түсінің жергілікті өзгеруі - тістің вестибулярлы бетінің аз бөлігін алады және әртүрлі түстегі дақты түрде кездеседі. Тірі тістерде бұл көбінесе гипоплазия, флюороз кезінде кездеседі, кіреукеңің беткі қабатында орналасады.

Ұлпасы алынған тістерде, негізінен эндодонттық ем жүргізілгенде деминерализацияланған дентиннің түгел алынбауы салдарынан әртүрлі пигменттермен боялады. Бұл кезде дақ тек дентинде орналасқан, ал кіреуке түсі өзгермеген.

Ұлпасы алынған тістерде тіс сауыты түсінің жайылмалы өзгеруі ұлпаның некрозы, ұлпаға қан құйылуы, эндодонттық емнің дұрыс жүргізілмеуі салдарынан пайда болады (1сурет).



1 сурет - А – Бұрын ұлпаның қабынуы нақтамасымен емделген, сол жағының орталық күрек тісінің түсі қарайған.

В – Ем жүргізілгеннен кейінгі көрінісі

Сапасыз эндодонттық емнің салдарынан болған, дентин пигменттерімен сіңірілген молдір кіреуке арқылы көрініп тұрған тіс түсінің өзгеруінде “дентиннің тотальді резекциясы» техникасы қолданылады.

Эндодонттық емнен кейінгі реставрацияның мақсаты:

- Тістің қалған тіндерін қорғау;
- Түбір өзегінің қайтадан инфекцияға ұшырауының алдын алу;
- Жоғалған тіс тіндерінің орнын толтыру;
- Тістің түсін қалпына келтіру;

Сәулемен қатаятын композиттік материалдармен реставрация жүргізуге абсолютті қарсы көрсеткіштер жоқ, тек қана өте сирек кездесетін мына жағдайлар болмаса:

- Науқастың адгезив жүйесіне немесе композитке аллергиялық реакциясының болуы;
- Ауыз қуысын немесе тісті сілекейден қорғау мүмкіндігі болмаса;
- Кардиостимуляторы бар адамдарға;

Науқас Ш.Ж 22 жаста жоғарғы жақтың алдыңғы бөлігінің қызыл иегінде пайда болған белгісіз бір түзілістен іріңнің шығатыныны және алдыңғы тісінің түсі өзгергеніне, ауыратынына шағымданады (2сурет).

Anamnesis Morbi: тісі осыдан 3 жыл бұрын ауырып емделген, тісінің ауыра бастағанына 1 апта болған.

Anamnesis Vitae: студент, созылмалы және қосалқы аурулары, зиянды әдеттері мен аллергиясы жоқ.



2 сурет - 22 тістің түсі өзгерген

Қарап тексергенде беті симметриялы, бет тері жабындысы таза, ешқандай патологиялық өзгерістер жоқ. Лимфа түйіндері ұлғаймаған, ауырмайды. СТЖБ қалыпты. АҚ кіреберісін қарап тексергенде ерін үзеңгілері қалыпты бекіген. Барлық тістер тұсындағы қызылиегі қалыпты, алқызыл түсті, тек қана 22 тіс тұсындағы қызылиегінде жыланкөзді байқадық. Жыланкөзді сипап тексергенде ауырады және ірің бөлініп тұр. Жыланкөздің айналасы қызарған, вазопарез симптомы оң.

Меншікті ауыз қуысын қарап тексергенде 22 тісінде пломба бар. 22 тістің түсі өзгерген, күңгірттенген. Қағып тексергенде ауырады. Рентген суретте: 22 тіс түбірінің ұшында шекарасы анық емес сүйек тінінің сорылу ошағын байқадық (3сурет).

Негізгі және қосымша тексеру әдістеріне сүйене отырып нақтама қойдық:

22 тістің созылмалы периодонтиттің гранулденген түрінің өршуі.

Жүргізу тәсілі: 22 тістегі пломба алынды. Біріншілік эндодонттық жол ашылып, жалқық шығарылды. Түбір өзегінің ұзындығы рентген сурет арқылы және түбір инесімен ленайка арқылы өлшенді, 20мм. Өзек антисептикалық ерітіндімен жуып шайылды, кеңейтілді.



3 сурет - Түбір ұзындығын анықтау

Түбір өзегін құрғатып, крезифен ерітіндісімен өңдеп, уақытша пломба қойылды. Науқасқа ақыл кеңес берілді. Келесі кезеңінде түбір өзегі эндометазон айвори және гуттаперчамен толтырылды.



4 сурет - Тіс емделгеннен кейін

Диаметрі 2 мм шар тәрізді бормен түсін өзгерткен дентин оральді беттегі тесіктен толық алынды.Қуыс антисептикалық өңделді, тісті оқшаулап, қышқылмен өңдеп кептірілді. Тістің түсі анықталды. Адгезив жағылып, сәулемен қатаятын пломбамен тұрақты пломбыланды (4сурет).

Қорытындылап келсек, эндодонттық ем жүргізілгеннен кейін түсі өзгерген тісті реставрациялау арқылы жоғары дәрежедегі эстетикаға жетуге және нақты клиникалық жағдайларда дәрігер стоматолог таңдау жасай алатындай емдік әдістің бір түрі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 А.В. Борисенко, В.П. Неспрядько. Композиционные пломбировочные и облицовочные материалы в стоматологии. Киев, 2004.- 287 С.
- 2 С. Радлинский Реставрация зубов, измененных в цвете./ДентАрт .-1999.-с.30-40
- 3 Макеева И.М. Восстановление зубов светоотверждаемыми композитными материалами. Стоматология, 1997-90 С.

РЕСТАВРАЦИЯ ИЗМЕНЕННОГО ЦВЕТА ЗУБА ПОСЛЕ ЭНДОДОНТИЧЕСКОГО ЛЕЧЕНИЯ

Резюме: Приведен опыт лечения зуба, измененного в цвете, методом тотальной резекции дентина. Метод реставрации позволил достичь высоких эстетических результатов и является методом выбора для врачей-стоматологов.

Ключевые слова: реставрация, изменение цвета дентина, тотальная резекция дентина.

RESTORATION OF THE TOOTH CHANGED IN COLOUR AFTER ENDODONTIC TREATMENT

Resume: Experience of treatment of the tooth changed in color, is given by a method of a total resection of a dentine. The method of restoration allowed to reach high esthetic results and is a choice method for dentists.

Keywords: restoration, dentine color changing, total resection of a dentine.